Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультеті

Бекітемін
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университетінің қабылдау
комиссиясының төрағасы
_____ Сергалиев Н.Х.
_____ 2026ж.

В021 Орындаушылық өнер білім беру тобының 6В02129 Аспаптық орындау білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық және қабылдау(әңгімелесу) емтихандарының

БАҒДАРЛАМАСЫ

ОРАЛ - 2026

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес.

Орындаушылық өнер мамандарын дайындау ББББ кафедра отырысында қаралды.

№ хаттама « » 2026 ж.
Орындаушылық өнер мамандарын дайындау ББББ жетекшісі
_____ Бабенко О. А.

Мәдениет және өнер факультет кеңесінің отырысында бекітілген
Хаттама № « » 2026 ж.
Факультет кенесінің төрағасы:_____ Кажимова Қ. Р.

Кіріспе бөлім

Шығармашылық емтихандарды өткізу «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

Шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орындарының пәндік комиссиялары өткізеді.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Талапкерлердің шығармашылық мамандықтарға өтініштерін қабылдау олар таңдаған жоғары оқу орындарының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Түсу сынағының құрылымы

1. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
2. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.
3. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылықемтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.
4. Емтихан болатын күні көрсетілген уақытта тапсырушы емтиханға қатысу керек. Емтихан басталар алдында талапкер өзінің жеке куәлігін немесе паспортын көрсетуі талап етіледі.
5. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.
6. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді.
7. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.
8. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін сол күні хабарланады.
9. Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

10. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен бекітіледі.
11. Апелляцияға өтінімді аппеляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.
12. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі апелляцияға қарастырылмайды.
13. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Қабылдау сынағының сипаттамасы

(Балалар музыка мектебінің және өнер мектептерінің түлектеріне – *күндізгі оқу түрі, 4 ж*)

Мамандандырылуы:

1) Фортепиано,
2) Ішекті аспаптар,
3) Үрмелі және ұрмалы аспаптар

В021 Орындаушылық өнер білім беру тобы бағдарламасы бойынша бітірген түлектер мамандандырылуы бойынша (Фортепиано, Ішекті аспаптар, Үрмелі және ұрмалы аспаптар) *өнер бакалавры академиялық дәрежесіне* ие болып, *концерттік орындаушы, оркестр, ансамбль әртісі*, орта музыкалық білім беретін мекемелерде оқытушы болып жұмыс жасай алатын біліктілік беріледі.

В021 Орындаушылық өнер білім беру тобы бойынша бітірген түлектер келесі қызметтерді атқаруға құзырлы:

- Мәдениет және өнер саласындағы аспапта орындаушылық (фортепиано, скрипка, виолончель, контрабас, үрмелі және ұрмалы аспаптар)
- Мамандығы бойынша оқытушы (фортепиано, скрипка, виолончель, контрабасс, үрмелі және ұрмалы аспаптар);
- Шығармашылық ұжымдардың жетекшісі (ансамбль, оркестр);
- Мәдениет, білім беру және ғылым салаларындағы басшылық, менеджер;

В021 Орындаушылық өнер білім беру тобы бойынша бітірген бакалаврлардың қызмет объектісі: мәдениет және өнер мекемелері, орта музыкалық білім беретін білім беру ордалары, ғылыми ұйымдар, шығармашылық ұжымдар, одақтар, орталықтар, әртүрлі музыкалық ұжымдар, музыкалық студиялар.

Кәсіби қызметінің пәніне музыкалық халық аспаптары, ноталық әдебиеттер, дыбыс шығаратын техникалық құралдар жатады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН СҰРАҚТАРЫ

ЖОО-на түсу үшін абитуриент міндетті түрде екі пәннен тест тапсырады:

1. ҚР тарихы
2. Оқу сауаттылығы

Екі шығармашылық емтихан:

1. Жеке (соло) бағдарламасын орындау;

2. Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша/немесе жазбаша емтихан. (музыканың қарапайым теориясы/гармония/ сольфеджио/этносольфеджио).

Қабылдау талаптары:

Абитуриент міндетті:

- Аспапта кәсіби орындаушылық негіздерін меңгеру, әртүрлі композиторлардың шығармаларын еркін оқу (халық музыкасы, Қазақстан және шет ел композиторларының классикалық шығармалары);
- Орта қиыншылықтағы Қазақстан және шет ел композиторлары А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев, Б.Боккерини, А.Вивальди, П.Чайковский және т.б. шығармаларын орындау (фортепиано, скрипка, виолончель, контрабас):
- Аспаптың техникалық дағдыларын білу, ыңғайлы және дұрыс аппликатура, негізгі штрихтарды орындау, интонациялық таза дыбыс шығара білу, өлшем, ырғақ жөніндегі сауаттылық;
- Әртүрлі жанр және стильде жазылған композиторлардың туындыларын көркем орындау;

Әрбір талапкер өзімен бірге жеке музыкалық аспабын, орындалатын репертуардың ноталарын алып келуі міндетті. Қажет болған жағдайда фортепианолық сүйемелдеуге арналған ноталар да болуы тиіс (ішекті, үрмелі және соқпалы аспаптар үшін). Сондай-ақ талапкерлер емтихандық дресс-код талаптарына сәйкес киінуі қажет: үсті ақ, асты қара түсті киім. Міндетті түрде өзімен бірге жеке куәлігі болуы керек.

Консультация күні абитуриент педагог-консультантқа қабылдау емтиханда орындайтын барлық шығармаларын көрсетіп, гармония және сольфеджио пәнінен тапсырма алу керек (теориялық материалдар және ноталық үлгілер).

Бағалау критерийлері:

Оқуға қабылданатын студенттер екі пәннен шығармашылық емтихан тапсырады:

1 емтихан – Жеке бағдарламаны орындау

а) аспапты кәсіби деңгейде меңгеру, оң және сол қолдарының дұрыс қойылымы, штрихтық сауаттылық және әртүрлі орындаушылық әдістерді орындау, таза интонациялық дыбыс шығара білу, өлшемді-ырғақты сауаттылық;

б) әртүрлі қиындық деңгейде жатқа 2-3 шығармаларды орындау (ірі формадағы шығармалар, шетел және қазақстандық композиторларының пьесалары), XX-XXI ғ.ғ. композиторлар шығармалары. Ішекті және үрмелі аспаптар мамандықтары бойынша ірі формадағы пьесалар және шығармаларды фортепиано сүйемелімен орындау.

Абитуриент емтиханда көрсету керек :

1 Орындалған шығармалардың көркемдік мазмұнын ашу және артистизм;
2 Туындылардың бейнелік сипатын жеткізе алу;
3 Дыбыс мәдениетін;
4 Әртүрлі штрихтарды игеру;
5 Техникалық дағдыларды меңгеру;
6 Еркін орындаушылық аппарат қойылымы;
7 Ырғақтық сауаттылықты;
8 Орындаушылық дағдыларды.

Ұсынылған бағдарлама үлгісі:

Полифония (И.С.Бах – екі дауысты, үш дауысты инвенциялар, ХТК, Француз сюиталар).

1. Сонаталар (Й. Гайдн, М.Клементи, Л.Бетховен, В. Моцарт)

2. Этюдтер (К.Черни, М.Мошковский, М. Клементи)
3. Пьессалар (Ф.Шуберт «Музыкальные моменты», Ф.Шопен «Экспромты», П.Чайковский цикл «Жыл мезгілдері» және т.б.

2 емтихан -Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша/немесе жазбаша емтихан.(музыканың қарапайым теориясы/гармония/ сольфеджио/этносольфеджио).

а) И. Дубовский оқулығы негізінде гармония және музыка теориясы бойынша сұрақтар қойылады. Талапкерлер аккордтардың негізгі функцияларын (тоника, субдоминанта, доминанта), үшдыбыстардың түрлері мен олардың айналымдарын, доминантсептаккорд пен оның айналымдарын, консонанс пен диссонанстың айырмашылығын, сондай-ақ аккордтардың кең және тар орналасу ерекшеліктерін білуі қажет.

б) Колледж түлектері мажор және минор тональдіктерінде (кілт белгісінде 4 белгіге дейін) каданстық квартсекстаккорд пен үшдыбыстардың айналымдарын қолдана отырып, период түріндегі гармониялық тапсырманы орындауы тиіс.

Музыкалық мектеп түлектері берілген тональдіктерде аккордтар мен олардың айналымдарын құрастыруы қажет.

в) Есту қабілетін тексеру бойынша талдау жүргізіледі. Онда талапкерлер натуральды мажор мен минордың үш түріндегі (натуральды, гармониялық, мелодиялық) интервалдарды, тональдік сатыларын, өлшемді, тұрақсыз дыбыстардың тұрақты дыбыстарға тартылуын анықтап, диатоникалық дыбыс қатарын ажырата білуі керек.

г) Мажор және минор тональдіктерінде (кілт белгісінде бірден төрт белгіге дейін) период түріндегі бірдауысты музыкалық диктант беріледі. Талапкерлер әуенді, ырғақты және метрді есту арқылы жазып, әуеннің бағытын, кульминациясын және ладтық ерекшелігін анықтай білуі тиіс.

Сондай-ақ талапкерлер емтихандық дресс-код талаптарына сәйкес киінуі қажет: үсті ақ, асты қара түсті киім. Міндетті түрде өзімен бірге жеке куәлігі, қалам, қарындаш және ноталық парақ болуы керек.

Шығармашылық емтиханның әрқайсысы жеке бағаланады. Бір шығармашылық емтиханның ең жоғарғы баллы – 50.

45-50 балл «өте жақсы»
35-44 балл «жақсы»
5-34 баллов «қанағаттанарлық»
0-4 баллов «қанағаттанарлықсыз»

Қысқартылған оқу түріне өтініш берген техникалық және кәсіби білімнен кейін түсетін түлектерді қабылдау үшін емтихан сұрақтары, оқу мерзімі 3 жыл

(Орта арнайы білімі бар-колледж,училищенің ұқсас мамандықтарының түлектеріне-*күндізгі, қысқартылған оқу түрі*)

Жоо-ға түсу үшін абитуриент бір пәннен шығармашылық емтихан тапсырады:

1.Жеке бағдарламаны орындау.

Мамандандырылуы:

1) Фортепиано,
2) Ішекті аспаптар,
3) Үрмелі және ұрмалы аспаптар

6В02129 Аспаптық орындаушылық білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер мамандандырылуы бойынша (Фортепиано, Ішекті аспаптар, Үрмелі және ұрмалы аспаптар) өнер бакалавры академиялық дәрежесіне ие болып, концерттік орындаушы, оркестр, ансамбль әртісі, орта музыкалық білім беретін мекемелерде оқытушы болып жұмыс жасай алатын біліктілік беріледі.

6В02129 Аспаптық орындаушылық білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер келесі қызметтерді атқаруға құзырлы:

- Мәдениет және өнер саласындағы аспапта орындаушылық (фортепиано, скрипка, виолончель, контрабас, үрмелі және ұрмалы аспаптар)
- Мамандығы бойынша оқытушы (фортепиано, скрипка, виолончель, контрабас, үрмелі және ұрмалы аспаптар);
- Шығармашылық ұжымдардың жетекшісі (ансамбль, оркестр);
- Мәдениет, білім беру және ғылым салаларындағы басшылық, менеджер;

6В02129 Аспаптық орындаушылық білім беру бағдарламасы бойынша бітірген бакалаврлардың қызмет объектісі: мәдениет және өнер мекемелері, орта музыкалық білім беретін білім беру ордалары, ғылыми ұйымдар, шығармашылық ұжымдар, одақтар, орталықтар, әртүрлі музыкалық ұжымдар, музыкалық студиялар.

Кәсіби қызметінің пәніне музыкалық аспаптар (түрлері бойынша), ноталық әдебиеттер, дыбыс шығаратын техникалық құралдар жатады.

Қабылдау талаптары:

Абитуриент міндетті:

- Аспапта кәсіби орындаушылық негіздерін меңгеру, әртүрлі композиторлардың шығармаларын еркін оқу (халық музыкасы, Қазақстан және шет ел композиторларының классикалық шығармалары);
- Орта қиыншылықтағы Қазақстан және шет ел композиторлары А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев, б.Қыдырбек, Б.Боккерини, А.Вивальди, П.Чайковский және т.б. шығармаларын орындау (фортепиано, скрипка, виолончель, контрабас):
- Аспаптың техникалық дағдыларын білу, ыңғайлы және дұрыс аппликатура, негізгі штрихтарды орындау, интонациялық таза дыбыс шығара білу, өлшем, ырғақ жөніндегі сауаттылық;
- Әртүрлі жанр және стильдерде жазылған композиторлардың туындыларын көркем орындау;

Абитуриенттердің барлығының жеке музыкалық аспабы, орындайтын репертуардың ноталары, қажет болса фортепиано сүйемелінің нотасы (ішекті, үрмелі, ұрмалы аспаптар) да болу керек.

Консультация күні абитуриент педагог-консультантқа қабылдау емтиханда орындайтын барлық шығармаларын көрсетеді.

Бағалау критерийлері:

6В02129 Аспаптық орындаушылық білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылданатын студенттер бір пәннен шығармашылық емтихан тапсырады:
Жеке бағдарламаны орындау
а) аспапты кәсіби деңгейде меңгеру, оң және сол қолдарының дұрыс қойылымы, штрихтық сауаттылық және әртүрлі орындаушылық әдістерді орындау, таза интонациялық дыбыс шығара білу, өлшемді-ырғақты сауаттылық;
б) әртүрлі қиындық деңгейде жатқа 2-3 шығармаларды орындау (ірі формадағы шығармалар, шетел және қазақстандық композиторларының пьесалары), XX-XXI ғ.ғ. композиторлар шығармалары. Ішекті және үрмелі аспаптар мамандықтары бойынша ірі формадағы пьесалар және шығармаларды фортепиано сүйемелімен орындау.

Абитуриент емтиханда көрсету керек :
1 Орындалған шығармалардың көркемдік мазмұнын ашу және артистизм;
2 Туындылардың бейнелік сипатын жеткізе алу;
3 Дыбыс мәдениетін;
4 Әртүрлі штрихтарды игеру;
5 Техникалық дағдыларды меңгеру;
6 Еркін орындаушылық аппарат қойылымы;
7 Ырғақтық сауаттылықты;
8 Орындаушылық дағдыларды.

Ұсынылған бағдарлама үлгісі:
Полифония (И.С.Бах – екі дауысты, үш дауысты инвенциялар, ХТК, Француз сюиталар).

4. Сонаталар (Й. Гайдн, М.Клементи, Л.Бетховен, В. Моцарт)
5. Этюдтер (К.Черни, М.Мошковский, М. Клементи)
6. Пьессалар (Ф.Шуберт «Музыкальные моменты», Ф.Шопен «Экспромты», П.Чайковский цикл «Жыл мезгілдері» және т.б.

Бағалау критерийлері:
Шығармашылық емтиханның ең жоғарғы баллы – 20.
15-20 балл «өте жақсы»
10-14 балл «жақсы»
5-9 баллов «қанағаттанарлық»
0-4 баллов «қанағаттанарлықсыз

ҚР Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтармен шетелдік азаматтар үшін әңгімелесу сұрақтары (оқытудың ақылы нысаны)
Өтініш беруші шығармалары бағдарламаға енгізілген композиторлардың музыкасына, сондай-ақ орындалып жатқан бағдарламаға қатысты сұрақтарға жауап беруі керек. Жалпы мәдени дүниетанымын тексеру.
Коллоквиум тексереді:

• музыкалық колледж немесе мектеп бағдарламасы бойынша музыкалық әдебиетті білу
• емтиханда орындалған жұмыстардың бірі, оның авторы туралы айта алу, осы шығарманың стильдік ерекшеліктерін сипаттау, өзінің орындаушылық интерпретациясын негіздеу;
• мәдениет және өнер саласындағы жалпы білім

Коллоквиумға арналған үлгі сұрақтар

1. Дыбыс шығару негіздері: фортепианолық, ішекті және үрмелі мектептердегі тәсілдердің салыстырмасы
2. Артикуляция және фразировка: әр түрлі аспаптарда жүзеге асуы
3. Классикалық шығармаларды интерпретациялау: әртүрлі орындаушылық мектептердің тәсілдері
4. Шығармамен жұмыс істеуде редакциялар мен авторлық нұсқаулардың рөлі
5. Педаль қолдану: педаль түрлері, олардың қызметі және пайдалану техникасы
6. И. С. Бах шығармаларын интерпретациялау мәселелері. ЖТК (Жоғары темперленген клавир) редакциялары
7. Фортепианолық орындаушылықтағы полифониялық ойлау
8. Виртуозды фортепианолық шығармалардағы сол қол техникасы
9. Этюдтермен жұмыс істеудің негізгі тәсілдері (Шопен, Черни, Лист мысалында)
10. Ішекті аспаптарда орындау барысында интонациямен жұмыс
11. Вибрато: функциялары, стильдік ерекшеліктері және педагогикасы
12. Смычок техникасы: détaché, legato, spiccato және олардың интерпретациядағы рөлі
13. Ішекті музыкадағы штрихтардың көркемдік мүмкіндіктері
14. Камералық-ансамбльдік тәжірибеде сольдік партияларды орындау мәселелері (скрипка/виолончель мысалында)
15. Барокко дәуірінен қазіргі заманға дейінгі орындаушылық техниканың эволюциясы
16. Классицизм дәуірі музыкасын фортепиано, скрипка және флейтада орындаудың ерекшеліктері
17. Ескі музыканы тарихи аспаптарда орындаудағы заманауи тәсілдер
18. XX ғасыр музыкасын интерпретациялау мәселелері (Шостакович, Прокофьев, Стравинский мысалында)
19. Фортепиано, скрипка және кларнет музыкасының стилі мен техникасының салыстырмалы талдауы
20. Техникамен жұмыс: пианистердің, ішекті және үрмелі аспапта орындаушылардың техника түрлерінің классификациясы

Бағалау критерийлері:

Балл жүйесінде қойылған қорытынды баға (ҚБ)	Баллдың сандық баламасы (С)	Баллдың әріптік баламасы (Ә)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (Д)
95-100	4,0	A	Өте жақсы
90-94	3,67	A-	
85-89	3,33	B+	Жақсы
80-84	3,0	B	
75-79	2,67	B-	
70-74	2,33	C+	
65-69	2,0	C	Қанағаттанарлық
60-64	1,67	C-	
55-59	1,33	D+	
50-54	1,0	D	
25-49	0,5	FX	Қанағаттанарлықсыз
0-24	0	F	